ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫ,
АҚСУ ҚАЛАСЫ БІЛІМ
БЕРУ БӨЛІМІНІҢ
«АҚСУ ҚАЛАСЫНЫҢ ЫБЫРАЙ
АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ОРТА МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ
КІРІС № 1-32/181
2024 ж. «01» 11

ШЕШІМ
Қазақстан Республикасының атынан

2024 жылғы 29 тамыз № 5501-24-00-2/2442 іс Павлодар қаласы

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Төлембекова А.С., оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарап:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Павлодар облысының білім беру басқармасы Ақсу қаласының білім беру бөлімі «Ақсу қаласының Ыбырай Алтынсарин атындағы қазақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Мансап Строй Корпус» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Павлодар облысының білім беру басқармасы Ақсу қаласының білім беру бөлімі «Ақсу қаласының Ыбырай Алтынсарин атындағы қазақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Мансап Строй Корпус» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап арызы қанағаттандырылсын.

«Мансап Строй Корпус» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Мансап Строй Корпус» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттің кірісіне 22 169 (жиырма екі мың жүз алпыс тоғыз) теңге

тұрақсыздық айыбы және 2 511 (екі мың бес жүз он бір) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **А.Төлембекова**

Копия верна
Судья А.Төлембекова
Справка: решение вступило в законную силу «8» октября 2024 г.
Судья А.Төлембекова

Құжатқа қол қойылған: Тюлембекова А. С., 29.08.2024
Заңды күшіне енген күні 08.10.2024 Судья Тюлембекова А. С. 08.10.2024
Судопроизводство
5501-24-3-1/2684